

"Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 22 маусымдағы № 11 шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 25 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қарашада № 3999 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылқоға аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 11 қазандағы № 166 ұсынысы негізінде Ойыл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауылдық округі әкімінің 22 маусым 2017 жылғы № 11 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3912 тіркелген, 2017 жылы 24 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі:

М. Жексенов